

Е.А. Иманбакиев* , Н.С. Алгожаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: 1988_era_88@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына бейнелеу өнерін интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылады. Болашақ әлеуметтік педагогтердің эстетикалық мәдениеті мен кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін теориялық негіздер, әдіснамалық тәсілдер мен практикалық әдістер талданады. Зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде отандық және шетелдік ғалымдардың әлеуметтік педагогтерді даярлау, шығармашылық негізінде білім беру, бейнелеу өнерін білім беру бағдарламасына интеграциялау мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектері талданады. Студенттердің эмоционалды интеллектісін, эстетикалық қабылдауын және шығармашылық ойлауын, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы бейнелеу өнерінің рөліне ерекше назар аудара отырып, аталған құзыреттіліктердің бастапқы және соңғы деңгейлері анықталады. Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейлерін анықтау мақсатында төрт диагностикалық әдістемелер (ЭМИн сауалнамасы, Торренс тесті, Ю.С. Любимова ұсынған әдістер кешені (бақылау, сауалнама, интервью, т.с.с.), И.В. Липсицтің «Сіз және сізді қоршаған орта» пиктограмма әдісі) таңдалды. Экспериментке әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 39 студенті қатысты. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінің қалыптастырушы кезеңінде шығармашылық шеберханалар, жобалау қызметі, арт-терапия, экскурсиялар мен көрмелер негізінде әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына бейнелеу өнерін интеграциялау мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінің бақылау кезеңінде білім беру бағдарламасына бейнелеу өнерін интеграциялау мүмкіндіктерінің тиімділігі анықталып, қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагогтерді даярлау, бейнелеу өнері, интеграция, эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау.

Y. Imanbakiyev*, N. Algozhayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: 1988_era_88@mail.ru

Psychological and Pedagogical Aspects of the Integration of Fine Arts into the Training Program for Social Educators

The article examines the psychological and pedagogical aspects of the integration of fine arts into the educational program for training social educators. The theoretical foundations, methodological approaches and practical methods contributing to the development of aesthetic culture and professional competence of future social educators are analyzed. In the theoretical part of the research work, the works of domestic and foreign scientists who studied the issues of training social educators, education based on creativity, and the integration of fine arts into the educational program are analyzed. With special emphasis on the role of fine arts in the formation of emotional intelligence, aesthetic perception, creative thinking, and communication skills, the initial and final levels of these competencies were determined. In order to determine the level of professional competencies of students, four diagnostic methods were selected (the EmIn questionnaire, the Torrence test, a set of methods proposed by Y.S. Lyubimova (observation, questioning, interviewing, etc.), the I. V. Lipsitz pictogram method "You and your environment"). Thirty-nine students from Al-Farabi Kazakh National University took part in the experiment. At the formative stage of the practical part of the research work, the possibilities of integrating fine art into the educational program for training social educators based on creative workshops, project activities, art therapy, excursions and exhibitions were considered. At the control stage of the experimental part of the research work, the effectiveness of the possibilities of integrating fine art into the educational program was determined, and a conclusion was made.

Keywords: training of social educators, fine arts, integration, emotional intelligence, creative thinking.

Е.А. Иманбакиев*, Н.С. Алгожаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: 1988_era_88@mail.ru

Психолого-педагогические аспекты интеграции изобразительного искусства в программу подготовки социальных педагогов

В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты интеграции изобразительного искусства в образовательную программу подготовки социальных педагогов. Анализируются теоретические основы, методологические подходы и практические методы, способствующие развитию эстетической культуры и профессиональной компетентности будущих социальных педагогов. В теоретической части исследовательской работы анализируются труды отечественных и зарубежных ученых, изучавших вопросы подготовки социальных педагогов, образования на основе творчества, интеграции изобразительного искусства в образовательную программу. Определен начальный и конечный уровни указанных компетенций с анализом роли изобразительного искусства в формировании эмоционального интеллекта, эстетического восприятия и творческого мышления учащихся, коммуникативных навыков. Для определения уровня профессиональных компетенций студентов были отобраны четыре диагностических методики (анкета ЭМИН, тест Торренса, комплекс методов, предложенных Ю.С. Любимовой (наблюдение, анкетирование, интервьюирование и т. д.), метод пиктограммы И.В. Липсица «Ты и твоя окружающая среда»). В эксперименте приняли участие 39 студентов КазНУ им. аль-Фараби. На формирующем этапе эксперимента были рассмотрены возможности интеграции изобразительного искусства в образовательную программу подготовки социальных педагогов на основе творческих мастерских, проектной деятельности, арт-терапии, экскурсий и выставок. На контрольном этапе экспериментальной части исследовательской работы определена эффективность возможностей интеграции изобразительного искусства в образовательную программу, сделан вывод.

Ключевые слова: подготовка социальных педагогов, изобразительное искусство, интеграция, эмоциональный интеллект, творческое мышление.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары және жоғары оу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың негізгі нәтижелері қарастырылған. ХХІ ғасыр – жаһандық жаңа технологиялар мен инновациялар ғасыры, жаңаша ойлау және әлемде болып жатқан өзгерістерге жаңа көзқарастар қалыптастыру ғасыры. Бұл өзгерістер білім беру парадигмасының негізі болып табылатын оқытудың жаңа шарттары мен белсенді әдістерін жасау; жедел өзгермелі әлемнің талаптарына сәйкес сыни ойлайтын және функционалды сауатты тұлғаны дайындауға деген талаптардың өсуі; мектепте оқыту мен оны оқу үдерісін жаңарту, педагогтердің инновацияларға, өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге, корпоративтік өзара іс-қимылға дайындықты қамтиды.

Қазіргі қоғам тез өзгертін әлеуметтік шындық жағдайында тиімді жұмыс жасай алатын әлеуметтік педагогтерді даярлауға жоғары талаптар қояды. Сондай-ақ, әлеуметтік педагогтерден тек теориялық білім мен практикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар дамыған

эстетикалық мәдениетті де қамтитын жоғары кәсіби дайындықты талап етеді. Эмоционалды интеллект пен шығармашылық әлеуеттің жоғары деңгейіне ие, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін эстетикалық мәдениетті дамыту кәсіби дайындықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Заманауи педагогикалық білім парадигмасы әлеуметтік педагогтерді жаңаша даярлауды анықтайды, ол – тек жаңа білімдерді, жаңа мақсаттар, жаңа құндылықтар мен тұлғалық мағынаны игеру ғана емес, сонымен қатар болашақ әлеуметтік педагогтің мәндік күшін, оның интеллектуалды және адамгершілік әлеуетін, әр түрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлану мүмкіндіктерін ашу, белгілі әлеуметтік-педагогикалық технологияларға қызмет етуімен қатар әлеуметтік-тәрбиелік үдерістерді де жүзеге асыру.

Бейнелеу өнері эмоционалды және эстетикалық әсердің күшті құралы бола отырып, эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау және эстетикалық қабылдауды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тез өзгертін әлеуметтік өмір мен әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптардың артуы жағ-

дайында бейнелеу өнерін білім беру бағдарламасына интеграциялау өзекті міндетке айналады. Бұл әртүрлі әлеуметтік топтармен тиімді қарым-қатынас жасай алатын және күрделі әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шеше алатын үйлесімді және жоғары мәдениетті тұлғаның дамуына ықпал етеді.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы МЖМБС (МЖМБС, 2010) сәйкес, болашақ әлеуметтік педагогтер арнайы, коммуникативтік, ақпараттық, зияткерлік, әлеуметтік, дербес, бейіндік сияқты кәсіби құзыреттерді қалыптастыруы тиіс. Аталған құзыреттерді бейнелеу өнерінің негіздерін креативті түрде қолдана отырып дамытуға болады.

«В019 – Әлеуметтік педагогтерді даярлау» білім беру бағдарламаларының тобына сәйкес жүргізілетін, «Әлеуметтік педагогика мамандарын даярлау» дайындық бағытының мақсаты – білім беру мекемелерінде және әлеуметтік бағыттағы ұйымдарда кәсіби іс-әрекетті тиімді атқара алатын білікті әлеуметтік педагогтерді даярлау. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының түлектері білім беру жүйесінде әлеуметтік педагог, жұмыссыз және табысы аз адамдарды әлеуметтік қолдаудың басқа да органдарында бала құқықтарын қорғау жөніндегі маман, балаларды дамыту орталықтары мен басқа да компанияларда аниматор ретінде жұмыс істей алады (Мағауова, Махамбетова, Исакова, 2022).

Мақаланың мақсаты – бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына біріктірудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін талдау.

Мақалаға қойылатын міндеттер:

1. Теориялық негіздері мен әдіснамалық тәсілдерге талдау жүргізу.
2. Бейнелеу өнерінің кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға әсерін зерттеу.
3. Практикалық әдістерді әзірлеу және сынақтан өткізу.
4. Эксперименттік жұмыс негізінде әдістердің тиімділігін бағалау.

Мақала болжамы: бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына интеграциялау олардың эстетикалық мәдениетінің, эмоционалды интеллект пен шығармашылық ойлауының деңгейін едәуір арттыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде кәсіби

құзыреттіліктің қалыптасуына және олардың болашақ кәсіби қызметінің тиімділігіне оң әсер етеді.

Зерттеу нысаны – жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні – бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлау бағдарламасына біріктірудің психологиялық-педагогикалық аспектілері.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында зерттеудің тәжірибелік бөлімінде, бейнелеу өнерін білім беру бағдарламасына тиімді интеграциялау мақсатында келесі практикалық әдістер қолданылды:

1. *Шығармашылық шеберханалар*: студенттер өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруы үшін бейнелеу өнері бойынша тұрақты сабақтар өткізілді.

2. *Жобалау қызметі*: бейнелеу өнерін пайдалана отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобалар әзірленіп, іске асыру механизмдері қарастырылды.

3. *Арт-терапия*: эмоционалды интеллектті дамыту және психологиялық шиеленісті жеңілдету үшін арт-терапия әдістері қолданылды.

4. *Экскурсиялар мен көрмелер*: мұражайлар мен галереяларға, көрмелерге бару ұйымдастырылып, студенттердің мәдени көкжиегі мен эстетикалық қабылдауын кеңейтуге ықпал ететін шаралар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтарды даярлау бағдарламасына интеграциялаудың тиімділігін анықтау үшін кәсіби құзыреттіліктің төрт түріне бастапқы және соңғы диагностика жүргізілді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдерін қамтыды.

Анықтау кезеңінде болашақ әлеуметтік педагогтердің эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау, қарым-қатынас дағдыларының бастапқы диагностикасы жасалды.

Қалыптастыру кезеңінде шығармашылық шеберханалар, жобалау қызметі, арт-терапия, экскурсиялар мен көрмелер негізінде әлеуметтік педагогтерді даярлау бағдарламасына бейнелеу өнерін интеграциялау бағдарламасы құрастырылып, апробацияланды.

Бақылау кезеңінде әлеуметтік педагогтердің моционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау, қарым-қатынас дағдыларының соңғы диагностикасы жасалып, анықтау кезеңіндегі нәтижелермен салыстырылды, динамикасы анықталды.

Эмоционалды интеллектіні анықтау үшін ЭмИн тесті (Д.В. Люсин, 2006); шығармашылық ойлау деңгейін диагностикалау үшін Торренс тесті (Марк, Миллар, Акар, Крамонд, 2019); эстетикалық қабылдау деңгейін диагностикалау үшін Ю.С. Любимова (2017) ұсынған диагностикалық әдістер кешені (бақылау, сауалнама, интервью, т.с.с.), қарым-қатынас дағдыларын диагностикалау үшін И.В. Липсицтің «Сіз және сізді қоршаған орта» пиктограмма әдісі (Вербицкий, Пучкова, 2016) қолданылды.

Зерттеудің тәжірибелік бөліміне шығармашылық шеберханалар, жобалау қызметі, арт-терапия, экскурсиялар мен көрмелер ұйымдастырылды. Эмоционалды интеллект (ЭмИн тесті), шығармашылық ойлау (Торренс тесті), эстетикалық қабылдау (Ю.С. Любимова әдістері), қарым-қатынас дағдылары (И.В. Липсицтің пиктограмма әдісі) диагностикаланды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 39 студенті (3-4 курс) қатысты (18 – эксперименттік топ, 21 – бақылау тобы).

Әдебиетке шолу

Бейнелеу өнері адамның эмоционалды саласына әсер етудің ерекше қабілетіне ие бола отырып, оның шығармашылық ойлауын және эстетикалық қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Өнерді білім беру процесіне интеграциялаудың теориялық негіздерін Дж. Дьюи, Л.С. Выготский және Г. Гарднер сияқты тәрбиешілер мен психологтар зерттеген. Дьюи оқытудағы тәжірибе мен практикалық қызметтің маңыздылығын атап өтсе, Выготский өнердің жоғары психикалық функцияларды дамытудағы рөліне назар аударды, ал Гарднер эстетикалық қабылдауды маңызды компонент ретінде қамтитын бірнеше интеллект теориясын дамытты.

Тұлғаның шығармашылық дамуы жөніндегі ойлар ежелгі грек философтары Аристотель, Р. Декарт, И. Кант және Н.А. Бердяев, Д.Кішібеков сияқты қазіргі философтардың еңбектерінде

қарастырылған. Психологиялық әдебиеттерде Л.С. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец және еліміздегі М. Мұқанов, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков, С. Балаубаев, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, Х.Т. Шерьязданова, Ж.Ы. Намазбаева және т.б. еңбектерде оқушылардың шығармашылық қабілеті және оның психологиялық аспектілері тұжырымдалған.

Ш.А. Амонашвили, И.Я. Лернер еңбектерінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық негіздері әр қырынан зерттелген. М.А. Құдайқұлов, Ә.С. Әмірова, Ә.Ә. Сағымбаев, А.Б. Мырзабаев, А.Ш. Оракова, Қ.Қ. Әбдібекқызы және т.б. қазақстандық зерттеушілер оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту мәселелерін қарастырған.

Білім беру саласында мамандарды даярлау мәселелері де жан-жақты зерттелген. Педагог тұлғасын дамыту теориялары мен әдіснамалық жұмыстары жөнінде С.И. Архангельский, Н.В. Кузьмина, Ю.Н. Кулюткин, В.А. Сластенин еңбектерінде қарастырылса; педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау және оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған ізденістер О.А. Абдуллина, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, А.П. Тряпицын еңбектерінде; тұлғаны әлеуметтендіру және педагогикалық білімді ізгілендіру мәселелері К.А. Абульханова-Славская, Ш.А. Амонашвили, Е.Н. Шиянов зерттеулерінде; білім беру мазмұны және әлеуметтік-педагогикалық зерттеу саласында Ю.В. Василькова, М.А. Галагузова, Л.В. Мардахаев, А.В. Мудрик және т.б. ғылыми зерттеулерінде кездеседі.

Әлеуметтік педагогтерді даярлау ерекшеліктерін талдау барысы әлеуметтік-педагогикалық дайындық мазмұнын жобалау бойынша А.Б. Абибуллаева, Р.И. Бурганова, Г.Ж. Меңлібекова және А.Н. Тесленко; әлеуметтік педагогтерді даярлау тарихы мен тәжірибесі бойынша Ш.Т. Таубаева, И.Р. Халитова, А.Б. Айтбаева; болашақ әлеуметтік педагогтерді әлеуметтену технологияларын меңгеру бойынша А.С. Мағауова; әлеуметтік педагогтерді даярлаудағы орта тұғыры мен білім беру ортасының сапасы бойынша А.К. Мыңбаева, А.А. Булатбаева жұмыстарында зерделенді.

Республикада әлеуметтік педагогтерді даярлаудың түрлі аспектілеріне арналған С.Асқарқызы (2018), Д.Е. Ертарғынқызы

(2017), Г.К. Құрманбаева, А.Ш. Маманова және т.б. PhD докторлық диссертацияларды ерекше атап өткіміз келеді. Бұл ғылыми зерттеулерде оқу бағдарламалары мен жоспарларын талдау, дайындық мазмұнының мәселелері қарастырылған.

Әлеуметтік педагогтерді оқытудың әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік қырлары И.А. Липский (2014), Ф.А. Мустаева (2001), М.А. Галагузова (2000) және т.б. ғылымдардың тарапынан зерттелінді.

Колумбиялық ғалымдар Г.Х. Мардиросян мен И.П. Льюистің «Білім берудегі өнер интеграциясы» атты еңбегінде (2018) жан-жақты зерттеуді және өнерге негізделген оқытудың теориясы, әсері мен тәжірибесі және оқу бағдарламасы арқылы өнерді интеграциялаған оқыту туралы әртүрлі көзқарастарды ұсынады. Сондай-ақ аталмыш кітап білім берудегі өнер интеграциясының қолданылуын ашатын өзгерістердің орасан зор мүмкіндіктерін терең зерттеген жұмыстарды қамтиды. Онда авторлар мектепке дейінгі мекемелерден бастап университеттерге дейінгі әртүрлі жағдайларда жүргізілген зерттеулерді, сондай-ақ ғалымдар мен теоретиктердің, педагог-психологтардың, мұғалімдер мен суретші-оқытушылардың қосқан үлестерін ұсынады.

Джойс Х. Бурштейн и Грег Ноттс (2020) бейнелеу өнерін әлеуметтік ғылымдармен интеграциялауды зерттеген. Олардың ойынша, бейнелеу өнерін білім беру бағдарламасына интеграциялау студенттерді әлеуметтік зерттеулердің мазмұны мен тұжырымдамаларын интерактивті және олардың күнделікті өміріне сәйкес ете отырып, оқуға тартудың нақты стратегиясы бола алады. Сондай-ақ олар интеграцияланған өнерді әлеуметтік зерттеулермен оқытудың негіздемесін ұсынады, жоспарлауға негіз беріп, екі түрлі сынып деңгейінде нақты мысалдар келтіреді. Авторлар әлеуметтік ғылымдарды оқытуда бейнелеу өнерін интеграциялаудың нақты бес қадамын ұсынады:

1. Жүргізілетін пәнді толық сипаттауға арналған нақты тақырыпты таңдау. Сабақ жоспарында әлеуметтік ғылымды үйретуге бағытталған ұғымдар мен қалыптастыру көзделетін дағдыларға қатысты мақсаттарды нақты қою.

2. Әлеуметтік ғылымда оқыту қажет ұғымдар мен дағдыларды толықтыратын бейнелеу өнері мазмұнының стандартын бекіту.

3. Оқу бөлімі үшін әлеуметтік зерттеулер мен бейнелеу өнері бойынша оқу тапсырмаларын тұжырымдау.

4. Екі пән бойынша да академиялық мазмұнды сөздік қорды үйрету.


5. Әлеуметтік зерттеулер мен өнердегі нақты критерийлермен өнімділікке негізделген бағалау көрсеткіштерін жасау, ол әлеуметтік зерттеулерді де, өнер тұжырымдамаларын да нақты өмірлік міндеттермен өлшеуі тиіс.

Өнерді әлеуметтік ғылымдардың оқу бағдарламасына біріктіру студенттердің білім алуына тиімді мүмкіндік берудің тамаша тәсілі, бірақ іс жүзінде ол одан да көп мүмкіндіктерге қол жеткізе алады. Өнер әртүрлі мәдениеттердің бірегей мәдени перспективаларын көрсете отырып, көші-қон үлгілері мен мәдени өзара әрекеттесулерге бастайды. Суретшілер өздері өмір сүретін және құратын қоғамға әсер ететіндіктен, өнер басқа уақыттар мен мекендерге терезе ашады. Өнер оқытудың тиімді әдісі болумен қатар, әлеуметтік зерттеулердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады (Сайзмо, 2011).

Флорида білім беру басқармасының әлеуметтік ғылым саласы бойынша білім беру маманы М. Дипиеро мен бейнелеу өнері бойынша білім беру маманы Дж. Инфингер (2021) ортақ жобаларында «Өнерді білім беруге интеграциялау – бұл оқушылардың өнер арқылы түсінігін қалыптастыратын, көрсететін оқыту тәсілі. Оқушылар өнер мен басқа пәндік саланы біріктіре отырып, екі саладағы өзгермелі тапсырмаларға жауап беретін белсенді шығармашылық процеске қатысады» деп көрсетеді.

Американдық Өнер интеграциясы мен STEAM (IAS) Институты өнерді білім беруге интеграциялауда Tableau стратегиясын ұсынады. Tableau – тұжырымдаманы нығайтып қана қоймай, студенттерге ынтымақтастықты үйрету мақсатындағы өнер интеграциясының стратегиясы (Лонг, 2022).

Сондай-ақ осы Институт өнер интеграциясының стратегиясын қолданудың негізгі себептерін атап өтеді (1-сурет).



1-сурет – Өнер интеграциясы мен STEAM (IAS) Институты бойынша, білім беру үдерісіне бейнелеу өнерін интеграциялау стратегиясын қолданудың себептері

Нәтижелер мен талқылау

Елімізде әлеуметтік педагогтерді даярлау бағдарламасы төрт жылдық оқу мерзіміне жоспарланған 240 кредиттен тұрады. Оқыту пәндері университеттердің білім беру ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Студенттер оқудың бастапқы екі жылында негізгі курстарды өтеді (НК), оқудың 3 жылынан бастап – міндетті (МП) және таңдаулы пәндер (ТП), негізгі маманданулары педагогика және психология, әлеуметтік педагогика бағыттарында жүреді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әлеуметтік

педагог мамандарын даярлау философия және саясаттану факультетінің құрылымындағы педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында жүзеге асырылады. Бакалавриатта әлеуметтік педагогикалық бағыттағы 44 пән оқытылады (1-кесте) (Univision, 2024).

Эксперименттік топта эмоционалды интеллект 12 ұпайға, шығармашылық ойлау 15 ұпайға, эстетикалық қабылдау 17 ұпайға, қарым-қатынас дағдылары 17 ұпайға өсті. Бақылау тобында өсім 3–5 ұпай ғана болды (2-кесте, 3-сурет). Бұл бейнелеу өнерін интеграциялаудың оң әсерін көрсетеді.

1-кесте – Әлеуметтік педагог мамандарына ғана жүргізілетін оқу пәндері (кестеге барлық мамандықтарға ортақ оқытылатын, әлеуметтану, саясаттану және т.с.с. әлеуметтік ғылым салалары енгізілмеді)

Оқу жылы	Пән атауы	Пәннің мақсаты
1-оқу жылы	Инклюзивті білім беру	мектеп пен колледжде инклюзивті білім берудің заманауи стратегиялары мен әдістерін қолдану қабілетін қалыптастыру.
	Педагогика	педагогикалық құзыреттілік негіздерін, оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негіздері туралы білімді, педагогикалық процесті қалыптастыру.
	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	тұрақты мотивация, педагогикалық мамандыққа деген қызығушылықты, педагогикалық іс-әрекеттің түрлері туралы және педагогикалық еңбектің субъектісі ретінде өзіндік идеялар мен білім жүйесін қалыптастыру.
	Білім беру психологиясы	оқу және тәрбие процесінде психологиялық құзыреттіліктің негіздерін, психологиялық ерекшеліктер мен тұлғалық даму заңдылықтарын қалыптастыру, студенттердің қолайлы білім беру ортасын құру, білім беру процесін психологиялық қолдау қабілеттерін қалыптастыру.

Оқу жылы	Пән атауы	Пәннің мақсаты
2-оқу жылы	Әлеуметтік педагогика	әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік негіздерін, әлеуметтік педагогика теориясы мен әдіснамасын білу, балаларды әлеуметтендіруді қалыптастыру.
	Арнайы педагогика	арнайы педагогиканың ғылыми білімін қарастыру және тұлғаның әлеуметтенуіне әсер ететін, оның ішінде ерекше сұраныстары бар балалардың психикалық үдерістерін қалыптасу және даму заңдылықтарын, адам жағдайының, қасиеттерінің, қабілеттерінің, қарым-қатынастарының заңдылықтарын зерттеу.
	Өзін-өзі тану	студенттердің бойында «Өзін-өзі тану» НДО бағдарламасының білімін қалыптастыру, болашақ педагогтің ішкі әлеуетін ашуға ықпал ету.
	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы туралы білімді қалыптастыру.
	Білім берудегі диагностика	білім берудің түрлі саласында диагностиканы ұйымдастыру, түрлі әдістемелермен жұмыс жасау және зерттеу жүргізудің этикалық талаптарын сақтау, педагогикалық-психологиялық диагностика мен жалпы зерттеудің нәтижелерін салыстыру қабілеттерін қалыптастыру.
	Педагогикалық шеберлік	педагогикалық шеберлік негіздерін және педагогикалық қызметтің барлық түрлерін оңтайландыруды; педагогикалық шеберліктің құрылымдық элементтері мен олардың мазмұнын сипаттау қабілеттерін қалыптастыру.
	Білім берудегі кеңес беру	студенттерде беру білім берудегі кеңес беру туралы жалпы түсінік, қалыптастыру, мәселелерді талдау мен кеңестер әзірлеу немесе оларды шешу бойынша ұсыныстар даярлау, кеңес беру бойынша топтық жұмыстарды ұйымдастыру мен жоспарлау, балалармен терең қарым-қатынас орната отырып, жеке дербестендірілген кеңес беру қабілеттерін қалыптастыру.
	Әлеуметтік психология	әлеуметтік-психологиялық күзіреттіліктің негіздерін, тұлғааралық және топтық қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы тұтас көзқарасты қалыптастыру.
	Этнопедагогика	педагогикалық қызметте этнопедагогикалық білім мен тәрбие әдістерін қолдану қабілетін қалыптастыру.
3-оқу жылы	Инклюзивті білім берудегі тьютор	студенттерді ЕБҚ бар оқушыларды оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық технологияларының ерекшеліктері туралы біліммен қаруландыру, оларды тьютордың практикалық қызметінде қолдану құзыреттілігін қалыптастыру.
	Scientific Writing	қазақ, орыс, шетел тілдерінде ғылыми мақалалар, жобалар жазып, пікір-таласқа қатысуды үйрету. Студенттерді ғылыми жұмыстар жазудың жүйесін зерттеудің заманауи маңызды мәселелерімен таныстыру; оларға заманауи ізденістердің заңдылықтары мен факторлары туралы берік білім беру.
	Тәрбие және жастарды әлеуметтендіру мәселелері	жастардың әлеуметтенуін бағалау, жоспарлау әдістері мен теориялары туралы білімді қалыптастыру; жастарды әлеуметтендіру кезінде кәсіби қызметте қолдану қабілетін қалыптастыру.
	Дін және білім беру	жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін діни постулаттарға құндылық-мағыналық қарым-қатынасты дамыту қабілетін қалыптастыру; білім беру жүйесіндегі ұйымдарда дін туралы білім орны және оларды оқыту нысаны туралы мәселелерді ашу; білім беру мен дін қарым-қатынасының құқықтық негіздерін түсіндіру.
	Білім берудегі тренингтер	студенттерде тренингтік оқытуды жобалау бойынша білім, білік пен дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыру.
	Пенитенциарлық педагогика	студенттерде пенитенциарлық мекемелердегі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және оқыту әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыру.
	Қазіргі заманғы жаратылыстану концепциясы	жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың белсенді өзара әрекеттесуі мен әлеуметтік рөлінің артуын ескере отырып, болашақ мамандардың қазіргі дүниетанымын қалыптастыру.

Оқу жылы	Пән атауы	Пәннің мақсаты
	Әлеуметтік педагогтің іс-әрекетіндегі медиативті технологиялар	студенттердің медиация және басқа да қосымша мәселелерді шешу туралы білімдерін; кикілжіңдерді басқару қабілеттерін қалыптастыру, мектеп қызметін қолдауды қамтамасыз ету; үлгі бағдарламаларын іске асыру; қатесіз ортаны қалыптастыру; мектеп медиациясы қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.
	Білім берудегі әлеуметтік-психологиялық қызмет технологиялары	әлеуметтік-психологиялық білім беру қызметінің құрамындағы әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметінің жүйелі көрінісін және қажетті кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.
	Инклюзивті білім беруде ЕБҚ бар оқушыларды сүйемелдеу бойынша тьютор қызметіндегі инновациялық технологиялар	студенттерді ЕБҚ бар оқушыларды оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық технологияларының ерекшеліктері туралы біліммен қаруландыру, оларды тьютордың практикалық қызметінде қолдану құзыреттілігін қалыптастыру.
	Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары	әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың күрделі міндеттерін талдау қабілетін қалыптастыру; халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына гуманитарлық-педагогикалық қолдау көрсету; әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясын қолдануға бағытталған.
	Ақпаратты (деректерді) өңдеудің математикалық әдістері	математикалық статистика және ықтималдықтар теориясын сипаттау қабілетін қалыптастыру, статистикалық деректерді жинау, талдау әдістері мен тәсілдерін қалыптастыру; кәсіби қызметте деректерді жинау және өңдеу әдістерін қолдану; экспериментті жоспарлау және нәтижелерді математикалық өңдеудің барабар әдістерін таңдау.
	Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі	рухани-адамгершілік тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын базалық сипаттау, рухани-адамгершілік тәрбиенің ұстанымдарын түсіндіру, мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбие үдерісін ұйымдастыру, адамгершілік таңдау жағдайларын арнайы жасау, мектеп оқушыларының адамгершілік ұстанымдарының қалыптасу деңгейін бағалау қабілеттерін қалыптастыру.
	Театралды педагогика және педагогикалық артистизм	мұғалім мен оқушылардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, көркем-педагогикалық қызмет негізінде мектеп серіктестерімен, білім беру үдерісінің басқа субъектілерімен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.
	Мектептегі білім беру сапасының менеджменті	жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу, оқытуға арналған «сапа» терминінің мәнін ұғыну қабілетін қалыптастыру; нақты басқару міндеттерін шешу; оқу-тәрбие, қызмет нәтижелілігінің төмен себептерін анықтау.
	Әлеуметтік тәрбиелеудегі мәдени-әлеуметтік имитация	әлеуметтік-мәдени имитацияның мәні мен мазмұнын, әлеуметтік тәрбиенің ерекшелігі мен спецификасын түсіндіру, Әлеуметтік-мәдени имитацияның негізгі әдістері мен технологияларын қолдану қабілетін қалыптастыру.
	Отбасылық кеңес беру	студенттерде отбасылық кеңес беру бойынша тұтас көзқарас және отбасылық кеңес беру үдерісін жобалау қабілетін, отбасылық кеңес беру дағдыларын қалыптастыру.
	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі	студенттердің жоғары және орта оқу орындарында өзін-өзі тануға оқыту үдерісін ұйымдастыру және басқару үшін қажетті теориялық білімдер мен практикалық біліктерді көрсету, кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешу қабілетін қалыптастыру
	Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тануды педагогикалық қолдау	орта мектеп оқушыларын педагогикалық қолдау теориясын сипаттау қабілетін қалыптастыру; оқушылардың өзін-өзі дамытуда педагогикалық қолдау көрсету; баланың өзіндік даму перспективасын сезінуіне жағдай жасау.

Оқу жылы	Пән атауы	Пәннің мақсаты
4-оқу жылы	12 жылдық білім берудің психологиялық-педагогикалық мәселелері	білім беру саласындағы ҚР стратегиялық саясатын сипаттау, 12 жылдық мектептің тұжырымдамасын түсіну, алдыңғы қатарлы шет елдерде (Батыс Еуропа елдері, АҚШ және т.б.) орта білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау жүргізу
	Балалық шақ және отбасын әлеуметтік қорғау	бала мен отбасын әлеуметтік қорғау жүйесінің мәнін түсіну, баланың, отбасының өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында әлеуметтік қорғау шараларын ұсыну қабілетін қалыптастыру.
	Әлеуметтік-педагогикалық коррекция	балалар мен жасөспірімдерге диагностикалық-түзету жұмыстарының кезеңдерін және түзету-дамыту көмек көрсету жүйесін сипаттау қабілетін қалыптастыру, тұлғаның эмоционалды-ерік аясының топтық түзету әдістерін; жеке әлеуметтік-педагогикалық түзету бағдарламаларын және топтық жұмыс бағдарламаларын талдау және өзірлеу.
	Білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагогтің іс-әрекеті	кәсіби әлеуметтік-педагогикалық білімнің, педагогикалық ойлаудың және дүниетанымның ғылыми негіздерін қалыптастыру.
	Педагогикалық анимация	бос уақытты өткізу, мәдени және рухани байытатын тұлғаны саналы таңдау, мәдени-бос уақытты өткізу бағдарламаларын ұйымдастыру технологияларын, әр түрлі формадағы және тақырыптағы іс-шараларды өзірлеу, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін қолайлы орта құру.
	Тоқырау интервенция	дағдарыс түрлерін (әлеуметтік, психогенді, жас және экзистенциалды) сипаттау қабілетін қалыптастыру; балалар мен жасөспірімдерге дағдарыстық көмек көрсету ерекшеліктерін түсіндіру; әлеуметтік-педагогикалық қызметте дағдарыстық интервенция әдістерін қолдану; экстремалды жағдайда зардап шеккендерді топтық кеңес беруде дебрифинг әдісін қолдану; субсиндромдарды тоқтату тәсілдерін қолдану.
	Білім берудегі жобалау	білім беру саласындағы үлгілеудің, жобалаудың нормативтік-құқықтық негіздерін түсіну қабілетін қалыптастыру, жобаларды өзірлеу тәжірибесін талдау, зерттеу, әлеуметтік және әлеуметтік-педагогикалық жобаларды өзірлеудің қажетті деңгейін қамтамасыз ету, жобаларды өзірлеу тұжырымдамасын негіздеу, жобалардың нәтижелерін өзірлеу, ресімдеу.
	ЕБҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша тьютордың қызметі	білім алушыларда ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау аймағында тьютордың кәсіби қызметінің негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру.
	ЕБҚ бар адамдардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы тьютор қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері	студенттердің кәсіби бағдар беру және ЕБҚ бар адамдардың кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.
	Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары	студенттерде орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары туралы білім қалыптастыру.
	Ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдіснамасы	білім беру ұйымдарында тәжірибелік-ізвестіру және тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыру, зерттеу нәтижелерін өңдеу және ресімдеу қабілетін қалыптастыру.
	Девиантология	девиантты мінез-құлықтың пайда болу ерекшелігі мен себеп-салдарлық байланыстарын анықтау қабілетін қалыптастыру; адамның девиантты мінез-құлықтың типологиясы мен моделін; ауытқитын мінез-құлықтың ең көп таралған түрлерін сипаттау.

1-кестедегі білім беру бағдарламаларына талдау барысында әлеуметтік педагогтерді даярлауда бейнелеу өнері қолданылатын пәндер анықталмады. Арт-педагогика немесе арт-технологиялар негізіндегі курстарда бейнелеу өнерінің кейбір элементтері (диагностикалық сурет салу әдістері, мандала терапиясы және т.с.с.) қолданылғанымен, бейнелеу өнері толықтай бір пәннің негізі болып, арнайы курс жазылмаған.

Бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтарды даярлаудың білім беру бағдарламасына интеграциялау теориялық және практикалық элементтерді қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде біз келесідей негізгі әдістемелік тәсілдерді қолдандық:

1. *Пәнаралық тәсіл*: біртұтас білім беру бағдарламасын құру үшін әртүрлі пәндерді (психология, педагогика, өнертану) біріктіру.

2. *Тәжірибеге бағытталған тәсіл*: студенттерге алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретін практикалық сабақтарды, шеберлік сабақтарын, шығармашылық жобаларды белсенді пайдалану.

3. *Кейс қолдану тәсілі*: бейнелеу өнері негізінде әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге ықпал ететін нақты жағдайлар мен оқиғаларды талдау.

4. *Рефлексивті тәсіл*: студенттерді материалды тереңірек түсінуге және игеруге ықпал ететін өз тәжірибелері мен шығармашылық әрекеттерін талдауға ынталандыру.

Бейнелеу өнері әлеуметтік педагогтердің эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау, қарым-қатынас дағдылары сияқты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді (2-сурет).



2-сурет – Бейнелеу өнері арқылы әлеуметтік педагогтерде қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктер


Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде алынған диагностикалық әдістемелердің нәтижелері анықталып, төрт нәтиженің орташа ұпайлары эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау, қарым-қатынас дағдылары құзыреттіліктері бойынша жіктелді (2-кесте, 3-сурет).

Ұсынылған мәліметтер негізінде бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлаудың бі-

лім беру бағдарламасына интеграциялау эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау, қарым-қатынас дағдыларының дамуына оң әсер етеді деген қорытынды жасауға болады. Эксперименттік топ бақылау кезеңінде нәтижелердің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті (15 ұпайға өсті), ал бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс жоқ (4 ұпайға өсті).

2-кесте – Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде жүргізілген диагностикалық әдістемелердің бастапқы және соңғы нәтижелері мен өсу динамикасы

№	Анықталан кәсіби құзыреттілік	Диагностикалық әдістеме	Топ	Студент саны	Анықтау кезеңі бойынша орташа ұпайы	Бақылау кезеңі бойынша орташа ұпайы	Өсу динамикасы
1	Эмоционалды интеллект	ЭМИн сауалнамасы	Эксперименттік топ	18	62	74	12 ұпайға жоғары
			Бақылау топ	21	63	66	3 ұпайға жоғары
2	Шығармашылық ойлау	Торренс тесті	Эксперименттік топ	18	45	60	15 ұпайға жоғары
			Бақылау топ	21	46	50	4 ұпайға жоғары
3	Эстетикалық қабылдау	Ю.С. Любимова ұсынған әдістер кешені (бақылау, сауалнама, интервью, т.с.с.)	Эксперименттік топ	18	55	72	17 ұпайға жоғары
			Бақылау топ	21	54	58	4 ұпайға жоғары
4	Қарым-қатынас дағдылары	И.В. Липсицтің «Сіз және сізді қоршаған орта» пиктограмма әдісі	Эксперименттік топ	18	48	65	17 ұпайға жоғары
			Бақылау топ	21	49	54	5 ұпайға жоғары
	Барлығы	4 әдістеме нәтижелері бойынша	Эксперименттік топ	18	53	68	15 ұпайға жоғары
			Бақылау топ	21	53	57	4 ұпайға жоғары



3-сурет – Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде жүргізілген диагностикалық әдістемелердің бастапқы және соңғы нәтижелері

Бұл тұжырым бейнелеу өнерін қолдану болашақ әлеуметтік педагогтердің эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау, қарым-қатынас дағдыларының деңгейін жоғарылатуға ықпал етеді деген болжамды растайды.

Қорытынды

Бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына интеграциялау эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, эмоционалды интеллект пен шығармашылық ойлауды дамыту үшін өте маңызды. Теориялық білімді, практикалық дағдыларды және рефлексияны қамтитын кешенді тәсіл күрделі әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешуге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау үшін бейнелеу өнерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнері эмоционалды және эстетикалық әсердің қуатты құралы бола отырып, болашақ әлеуметтік педагогтердің үйлесімді дамуы мен табысты кәсіби қызметіне ықпал ете отырып, олардың жеке және кәсіби өсуіне жаңа мүмкіндіктер ашады.

Зерттеу жұмысы бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына интеграциялау негізгі кәсіби құзыреттіліктердің дамуына айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді. Эксперименттік топ эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау, эстетикалық қабылдау және қарым-қатынас дағдылары деңгейлерінде айтарлықтай жақсарғанын байқатты. Бұл нәтижелер бейнелеу өнерін пайдалану студенттердің үйлесімді дамуына және олардың кәсіби дайындығын арттыруға ықпал етеді деген болжамды растайды. Эксперименттік топтың бақылау тобына қарағанда жоғары болған көрсеткіштері ұсынылған тәсілдің тиімділігін көрсетеді. Осылайша, бейнелеу өнерінің интеграциясы болашақ әлеуметтік педагогтарды оқытуда маңызды элемент бола алады.

Бейнелеу өнерін әлеуметтік педагогтерді даярлау бағдарламасына интеграциялау эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға, эмоционалды интеллект пен шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Кешенді тәсіл (теориялық білім, практикалық дағдылар, рефлексия) жоғары білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Burstein, J. H., & Knotts, G. (2020). Creating connections: Integrating the visual arts with social studies. *Social Studies and the Young Learner*, 23(1), 20–23.
2. DiPierro, M., & Infinger, J. (2021). Integrating social studies and the arts: Exhibit proposal project. Florida Department of Education. <https://www.fldoe.org/core/fileparse.php/15223/urlt/ArtsandSS31017.pdf>
3. Long, C. (2022). Express yourself! Arts integration in the classroom. *NEA Today*, 12–17.
4. Mardirosoian, G. H., & Lewis, Y. P. (2018). *Arts integration in education: Teachers and teaching artists as agents of change*. Chicago, IL: Intellect.
5. Runco, M. A., Millar, G., Acar, S., & Cramond, B. (2010). Torrance Tests of Creative Thinking as predictors of personal and public achievement: A fifty-year follow-up. *Creativity Research Journal*, 22(4), 361–368. <https://doi.org/10.1080/10400419.2010.523393>
6. Sizemore, J. (2011). Integrating social studies and the arts: Why, when, and how.
7. Univision.kz Описание образовательной программы. <https://univision.kz/kk/edu-program/33953.html>
8. Асқарқызы, С. (2018). Университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджерлерін даярлаудың ғылыми педагогикалық негіздері (дисс. ... докт. философии (PhD)). Алматы.
9. Вербицкий, А. А., & Пучкова, Е. Б. (2016). Возможности теста как средства диагностики качества образования: мифы и реальность. *Высшее образование в России*, (6), 33–44.
10. Галагузова, М. А. (2000). *Социальная педагогика*. Москва: Владос.
11. Ертарғынқызы, Д. (2017). Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру жүйесі (дисс. ... докт. философии (PhD)). Алматы.
12. Липский, И. А., & Сикорская, Л. Е. (2014). *Социальная педагогика: учебник для бакалавров*. Москва: Дашков и К.
13. Любимова, Ю. С. (2017). Диагностика эстетической воспитанности учащихся начальных классов. *Печатковая школа*, (9), 60–64.
14. Мағауова, А. С., Махамбетова, Ж. Т., & Исакова, А. Т. (2022). Особенности подготовки социальных педагогов в системе высшего образования Казахстана и Литвы. *Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки»*, 70(1), 71–79.

15. Министерство образования и науки Республики Казахстан. (2010). Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Бакалавриат. Специальность «Социальная педагогика и самопознание» (ГОСО РК 6.08.079–2010). Астана.
16. Мустаева, Ф. А. (2001). Основы социальной педагогики (2-е изд., перераб. и доп.). Москва: Академический проект.
17. Панкратова, А. А., Корниенко, Д. С., & Люсин, Д. В. (2022). Апробация краткой версии опросника ЭмИн. Психология. Журнал Высшей школы экономики, 19(4), 822–834.

References

- Asqarkyzy, S. (2018). Universitet zhagdayynda aleumettik-pedagogikalyq zhumys menedzherlerin daiarlaw dyn gylmy pedagogikalyq negizderi [Scientific and pedagogical foundations of training managers of social and pedagogical work in the university environment] (Doctoral dissertation, PhD). Almaty. (in Kazakh)
- Burstein, J. H., & Knotts, G. (2020). Creating connections: Integrating the visual arts with social studies. *Social Studies and the Young Learner*, 23(1), 20–23.
- DiPierro, M., & Infinger, J. (2021). Integrating social studies and the arts: Exhibit proposal project. Florida Department of Education. <https://www.fldoe.org/core/fileparse.php/15223/urlt/ArtsandSS31017.pdf>
- Ertargynkyzy, D. (2017). Zhogary mektepte bolashaq aleumettik pedagogtardyn kasibi idealyn qalyptastyru zhuyesi [System of forming the professional ideal of future social pedagogues in higher education] (Doctoral dissertation, PhD). Almaty. (in Kazakh)
- Galaguzova, M. A. (2000). Sotsialnaia pedagogika [Social pedagogy]. Moscow: Vldos. (in Russian)
- Lipskii, I. A., & Sikorskaia, L. E. (2014). Sotsialnaia pedagogika: uchebnik dlia bakalavrov [Social pedagogy: A textbook for bachelor students]. Moscow: Dashkov i K. (in Russian)
- Liubimova, Iu. S. (2017). Diagnostika esteticheskoi vospitannosti uchashchikhsia nachalnykh klassov [Diagnostics of aesthetic development of primary school students]. *Pchatkovaia shkola*, (9), 60–64. (in Russian)
- Long, C. (2022). Express yourself! Arts integration in the classroom. *NEA Today*, 12–17.
- Magauova, A. S., Makhambetova, Zh. T., & Iskakova, A. T. (2022). Osobennosti podgotovki sotsialnykh pedagogov v sisteme vysshego obrazovaniia Kazakhstana i Litvy [Features of training social pedagogues in the higher education systems of Kazakhstan and Lithuania]. *Vestnik KazNU. Seriya "Pedagogicheskie nauki"*, 70(1), 71–79. (in Russian)
- Mardirosian, G. H., & Lewis, Y. P. (2018). Arts integration in education: Teachers and teaching artists as agents of change. Chicago, IL: Intellect.
- Ministerstvo obrazovaniia i nauki Respubliki Kazakhstan. (2010). Gosudarstvennyi obshcheobiazatelnyi standart obrazovaniia Respubliki Kazakhstan. Bakalavriat. Spetsialnost "Sotsialnaia pedagogika i samopoznanie" [State compulsory education standard of the Republic of Kazakhstan. Bachelor's degree. Specialty "Social pedagogy and self-knowledge"] (GOSO RK 6.08.079–2010). Astana. (in Russian)
- Mustaeva, F. A. (2001). Osnovy sotsialnoi pedagogiki [Fundamentals of social pedagogy] (2nd ed.). Moscow: Akademicheskii proekt. (in Russian)
- Pankratova, A. A., Kornienko, D. S., & Liusin, D. V. (2022). Aprobatsiia kratkoi versii oprosnika EmIn [Validation of the short version of the EmIn questionnaire]. *Psikhologiya. Zhurnal Vysshei shkoly ekonomiki*, 19(4), 822–834. (in Russian)
- Runco, M. A., Millar, G., Acar, S., & Cramond, B. (2010). Torrance Tests of Creative Thinking as predictors of personal and public achievement: A fifty-year follow-up. *Creativity Research Journal*, 22(4), 361–368. <https://doi.org/10.1080/10400419.2010.523393>
- Sizemore, J. (2011). Integrating social studies and the arts: Why, when, and how. *Univision.kz*. (n.d.). Opisanie obrazovatelnoi programmy [Description of the educational program]. <https://univision.kz/kk/edu-program/33953.html> (in Russian)
- Verbitskii, A. A., & Puchkova, E. B. (2016). Vozmozhnosti testa kak sredstva diagnostiki kachestva obrazovaniia: mify i realnost [Possibilities of testing as a means of diagnosing the quality of education: Myths and reality]. *Vysshee obrazovanie v Rossii*, (6), 33–44. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Иманбакиев Ернат (корреспондент-автор) – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: 1988_era_88@mail.ru)

Алгожаева Нурсулу – педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының меңгерушісі, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru)

Information about authors:

Imanbakiyev Yernat (corresponding author) – doctoral student of educational program « Social pedagogy and self-knowledge», Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: 1988_era_88@mail.ru)

Algozhaeva Nursulu – candidate of pedagogical sciences, Associate Professor, head of the Chair Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of “Pedagogy and Educational Management” of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru)

Сведения об авторах:

Иманбакиев Ернат (корреспондентный автор) – докторант образовательной программы «Социальная педагогика и самопознание», Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: 1988_era_88@mail.ru);

Алгожаева Нурсулу – кандидат педагогических наук, доцент, и. о. профессора, заведующая кафедрой педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru).

Келін түсті 26.07.2024

Қабылданды 01.12.2025